



Ақмешіт

2 наурыз
сейсенбі
№17 (1719)
2021 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы



ЖАРАЙСЫҢ, ҚАМШЫБЕК!

Кәсіпқой бокста бағын сынап жүрген Қамшыбек Қоңқабаев Алматы қаласында «МТК Қазақстан» промоутерлік компаниясының ұйымдастыруымен үшінші жекпе-жегін өткізді.

Алатауда өткен бокс кешінің маңызды сәті Қамшыбек пен Сервер Эмурлаевтың жекпе-жегі болды. Қос қарсылас WBO Asia Pacific титулын сарапқа салды. Құрама капитанының бұл жолғы қарсыласы қарымды еді. Сервер кәсіпқой бокста 23 рет шаршы алаңға көтеріліп, 22-інде жеңіске жетіп, тек біреуінде сүрінген тәжірибесі мол былғары қолғап шебері. 10 раундқа жоспарланған кеш тартысқа толы болатыны Эмурлаевтың көрсеткішінен-ақ байқалды. Алайда жекпе-жек Қамшыбектың сериялы соққысынан кейін алтыншы раундта аяқталды. Себебі Эмурлаев одан әрі жұдырықтасуды жалғастырудан бас тартты. Осылайша, Қоңқабаев қатарынан үшінші жекпе-жегін мерзімінен бұрын жеңіп, өзінің кәсіби мансабындағы алғашқы титулына ие болды.

Естеріңізге сала кетсек, Қамшыбек Қоңқабаев былтыр көктемде кәсіпқой рингке ауысқан болатын. Олимпиада лицензиясын жеңіп алған Қоңқабаев коронавирус пандемиясына байланысты турнирлер тоқтатылғандықтан бабын сақтап қалу үшін кәсіпқойлар арасында өтетін жарыстарға қатысуда.

Ж.ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ

А.ЖАЙҚОНЫСҰЛЫ

БІЛІМ

БАЛАЛАР МЕКТЕПКЕ БАРДЫ

Қазақстанның Бас санитарлық дәрігерінің №9 қаулысына сәйкес 1 наурыздан бастап 1-5 сынып оқушыларына дәстүрлі білім беру басталды. Аймақтағы 1-5 сыныпта оқитын 81070 мектеп оқушысы кеше мектеп қабырғасына барып, сабақ оқуды бастады. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова хабарлады.

– Жалпы облыс бойынша 301 мектепте 169 984 оқушы білім алады. Қазіргі кезде дәстүрлі білім беру форматында оқитын оқушылардың саны кезең-кезеңімен өсіп келеді. Мәселен, облыста I тоқсанда 21 процент, II тоқсанда 32 процент және III тоқсанда 42 процент оқушы сабақты мектепке келіп оқуда. Енді 1 наурыздан бастап 1-5 сынып оқушыларын аралас оқыту форматында оқытуға рұқсат берілді. Яғни пәндердің 70 проценті дәстүрлі, 30 проценті қашықтан оқытылатын болды, – деді білім басқармасының басшысы.

Осы орайда аймақтың бас ұстазы 1 наурыздан бастап қызылордалық 29 процент оқушы ғана қашықтан білім алып жатқанын айтты. Мектепке барып оқуға рұқсат етілген 1-5 сыныптағы 82 201 оқушының 98,6 проценті дәстүрлі білім алуды бастады. Сондай-ақ аймақтағы 300-ден аспайтын оқушысы бар 123 мектепте 19 865 оқушы толығымен дәстүрлі түрде білім алып жатса, 178 мектепте 5 сыныптан жоғары 49 103 оқушы онлайн оқуда. Одан бөлек түлек сыныптардағы 17 949 оқушы аралас оқыту форматын жалғастыруда.

Баспасөз жиынында білім басқармасының басшысы өңірдегі барлық мектептерде инфекцияның таралу қаупін азайту мақсатында дәстүрлі түрде білім алатын оқушылар 5 сатыдан тұратын дезинфекциядан өтетінін тілге тиек етті. Бұл шараларды сақтау үшін жыл басында арнайы қаржы бөлініп, 5 сатылық қауіпсіздік жүйесі толық қамтылған.

Мектеп формасына қатысты мәселе де бірінгайланды. Жыл соңына дейін оқушыларға мектеп формасына қатысты қатаң талап қойылмайтын болды. Енді олар мектепке ұқыпты әрі өзіне ыңғайлы классикалық үлгідегі киіммен бара алады. Ал оқу жылына дайындалып үлгермеген, мектепке келуге дайын болмаған оқушылар әзірге үйде білім ала алады. Яғни мектепке қажетті киім, оқу құралдарын әлі алмаған оқушыларға ұстаздар сабақты уақытша онлайн жүргізбек. Сонымен қатар білім басқармасының басшысы созылмалы ауруы бар балалар



да онлайн форматта оқитынын, олардың тізімі жасакталғанын айтты.

Негізінен қыркүйек айынан бастап аймақтағы 51 оқушы коронавирус инфекциясының симптомсыз түрімен ауырған. Ақзира Қасымованың айтуынша, олардың барлығы қазіргі кезде жазылған. Инфекциядан сақтану мақсатында барлық сақтық шаралары назарға алынған. Мысалы, дәстүрлі білім беру форматында «бір сынып – бір класс» қағидасы сақталмақ. Сондай-ақ әр сыныптың қоңырауға шығу уақыты да әркелкі болады. Бұл өз кезегінде балалардың шоғырлануының алдын алады.

– Бүгінгі күні еліміздің Бас санитар дәрігерінің қаулысына сәйкес 1-5 сынып оқушыларына дәстүрлі білім беру үрдісіне көштік. Енді мектебімізге 324 оқушы келіп, сабақ оқитын болды. Әр сыныпқа сабақ бір кабинетте өтеді, қоңырау кестесі де әртүрлі. Мектепте сақтық шараларын қатаң сақтау үшін

беттерде тағып, антисептик қолданады. Мектепте барлық санитариялық талаптар сақталған. Бастысы, оқушылардың енді мектепке келіп оқитыны қуантады. Себебі дәстүрлі білім беру онлайн оқудан гөрі оқушыға да, ұстазға да тиімді, – дейді №171 мектептің директоры Бекзат Сағындықұлы.

Бұл жаңалыққа деген қуанышын ата-аналар да жасырмайды.

– Баламның мектепке барып білім алатыны көңіл қуантады. Себебі мектеп қабырғасында, сыныпта отырып сабақ оқу балаға жауапкершілікті сезіндіреді. Онлайн оқу кезінде кей тақырыптарды түсінбей қалған жағдайлар болды. Ал енді мектепте, кез келген уақытта мұғалімнен сұрай алады. Біз енді ата-ана ретінде баламыздың қауіпсіздігі үшін сақтық шараларын сақтауға қажетті барлық жағдайды жасаймыз, – дейді Айнагүл Әділқызы.

■ АҚМЕШІТ ҚЫЗЫЛОРДА БОЛҒАНДА...

ОРЫНБОРДАН БАСТАЛҒАН КЕРУЕН



Аслан НУРАЗҒАЛИ

1924 жылы Түркістан республикасы таралып, Жетісу және Сырдария өңірлері Қазақ (Қырғыз) АКСР-іне қосылғандықтан халық саны 35 процентке артты. Осы тұста Орынбордағы қазақ зиялылары орысы көп шет қаладан астананы қалың қазақ ортасына көшіруді қызу талқылап жатты. Жалпы ел астанасы қылуға ұсынылған қала көп.

Негізінде қазақ зиялылары астана етіп Түркістан немесе Ташкент қалаларын таңдамақ болады. Алайда кейбір тарих зерттеушілердің арасында бас қаланы Орынбордан көшіру мәселесінің басы-қасында жүрген Сұлтанбек Қожанов «өз туған жері Түркістанға бүйрегі бұрды» деген әңгіме өрбімес

үшін Ақмешіт қаласына тоқтаған деп айтылып жүр. Ал тарихшы Ахмет Тоқтабаевтың «Қазақстан астаналары» (Сен білесің бе?) кітабында қазақ интеллигенциясы Ташкентке көшіп бара жатқанда Сталиннен «тоқтатылсын» деген бұйрық жетіп, жол бойындағы Ақмешіт қаласы астана болып қалады деп жазылған. Тіпті кей тарихшылар астанаға Ақтөбе, Әулиеата, Атбасар ұсынылған делінген. Ақыры, 1925 жылдың наурызында Қазақ (Қырғыз) АКСР Орталық Атқару Комитеті астананы Орынбордан Ақмешітке көшіру туралы шешім шығарады.

2 БЕТТЕ

■ ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ – 175 ЖЫЛ

ЖҮРЕКТЕН ӨШПЕГЕН ЖАМБЫЛ ЖЫРЫ



Өткен жылдың қаңтар айында «Жетінші» арнада Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) туралы «Ладога көлі – өмір жолы» «Құрсаудың қирауы» – «Прорыв блокады» деген деректі көрініс негізінде түсірілген көркем фильм көрсетілген болатын.

Ұлы Отан соғысының алғашқы айларында әлі жеңіліс дәмін татпаған саны мен сапасы жағынан басым жаудың солтүстік тобы 750 мың солдаттары мен офицерлерін құрамында артиллерия, авиация танкі құрамалары бар 40 дивизиясымен қаланы және шекаралы аудандарды қоршауға алды. Қаланы үлкен жермен бөліп, халқын аштық пен жалаңаштыққа ұшыратып, Кеңес одағына моральдық-рухани соққы бермекші болды. Қала адам тәгісіз қиын жағдайда өмір сүріп, жеңіске деген құштарлықпен қорғанып өмір сүрді.

4 БЕТТЕ

■ АТАМЕКЕН, МЕН СЕНІ БІЛЕМІН БЕ?



ТАРАЗДЫ ТАНИСЫЗ БА?

Қазақтың қайсы бір жерін қарасаңыз да тұнған табиғатына көз тоймайды. Әрбір өңірдің өзіне сай сұлулығы бар. Алтай мен Атыраудың арасындағы ұлан ғайыр атырап, Ертіс пен Еділді жағалай қоныстанған жайсаң жұрт, Арқа мен Алатаудың арасын алып жатқан алтын бесік. Қазақстанның кез келген жері қазына. Бұл – бабадан мирас болған ұлы құндылықтар. Осындай өзіндік сұлу сипаты бар өңірдің бірі – Жамбыл облысы.

Жамбыл облысы – еліміздің оңтүстігінде орналасқан. Іргесі Түркістан, Қарағанды облыстарымен және Қырғызстанның Талас, Шу облыстарымен көршілес. Аумағы Бетпақдаладан Тянь-Шаньға, Шудан Қаратауға дейін созылып жатыр. Жер көлемі – 144,2 мың шақырым.

3 БЕТТЕ

АҚМЕШІТ ҚЫЗЫЛОРДА БОЛҒАНДА...

Негізінде қазақ зиялылары астана етіп Түркістан немесе Ташкент қалаларын таңдамақ болады. Алайда кейбір тарих зерттеушілердің арасында бас қаланы Орынбордан көшіру мәселесінің басы-қасында жүрген Сұлтанбек Қожанов «өз туған жері Түркістанға бүйрегі бұрды» деген әңгіме өрбімес үшін Ақмешіт қаласына тоқтаған деп айтылып жүр.

Ендігі кезекте қазақ халқының бас шаһары болып саналған Ақмешітті дамыту мәселе жолға қойылады. Бұл тұста арнайы комиссия мүшесі құрылып, қаланы зерттеуші бір отар қойды лезде санай алатын қасиетін байқаған әкесі, болашақта малшының өмірі күтпін тұрған балғын баланың тағдырын мүлде өзге арнаға бұрып жібереді.

Телефон жүйесінде тек 12 абонент, ал жарық тек вокзал аумағындағы жерде, емделушілер үшін тек 15 төсек орны бар екі дәрігер жұмыс істейтін бір емхана қызмет еткен. Бұл мәселені баяндаған комиссия дәл осы жерге 83 мемлекеттік мекеме мен 1300 қызметкерді орналастыру үшін барлық жағдайды жасауға міндетті еді.

Ақмешітке қызмет етіп жүрген комиссия әр 3-4 күн сайын жиналыс жасап, түнгі уақытқа дейін талқылайды. 1925 жылдың 4 қаңтарындағы мәлімет бойынша қалада 225 жұмыссыз адамның тек 10-15-і ғана құрылысшы болған.

Тынышбаев комиссия отырысында қалада 387 080 шаршы метр тұрғын аумағы бар екенін, оларды жөндеуге 240 490 рубль қажеттігін және қаладағы 3 монша болашақ астана тұрғындарына қызмет етуге қауқарсыз екенін баяндайды.

Міне, осы қиындықтардың барлығына қарамастан 1925 жылдың 10 қарашасында астананы көшіру комиссиясы құрылыс жұмысын аяқтайды. Сонымен қатар Кенжин, Тынышбаев пен Ақавтхан құрылған комиссия алдағы 40 жылдық қала құрылысының жоспарын, даму деңгейінің сызбасын дайындап кетеді.

ОРЫНБОРДАН БАСТАЛҒАН КЕРУЕН

Сыр бойы табиғаты өте бай, қыстан жұтамай шығатын өңір болған. Өзгелер Сыр елі десе тоқшылық пен молшылықты елестеткен деседі. Алайда сол кездегі тек уезд орталығы болған Ақмешітті ел орасына айналдыру тұсында біраз қиыншылықтар болған.




Жалпы Мұхамеджан Тынышбаевтың аталған салаға келуіне әкесі себепкер болған. Қарапайым малшының отбасында өскен баланың ерекшелігін Тынышбай байқады. Баласының бір отар қойды лезде санай алатын қасиетін байқаған әкесі, болашақта малшының өмірі күтпін тұрған балғын баланың тағдырын мүлде өзге арнаға бұрып жібереді.

Ол мүшелік еткен комиссияның алдында Голощекиннің бірнеше тапсырмасы тұрды. Қазақстан Республикасы Президенті мұрағатында сақталған «Пояснительная записка к регуляционному плану столицы КАЗАКСТАНА» атты архитектор қол қойған құжатта жана астана құрылысына қойылатын талаптар жазылған.

Осы жоспарларды жүзеге асыру үшін комиссия дайындық жұмыстарына 200 000 рубль ақша бөледі. Vlast.kz сайтында 2018 жылдың 30 қазанында Светлана Ромашкиннің «Красная столица: Как переносили центр из Оренбурга в Кызылорду» атты мақаласы жарық көрген.

Жалпы ол кезде қаладағы арықтар құл-коқыспен бітеліп, қала шеті тұрмыстық коқысқа толып қалған. Ал канализация жүйесінің құрылысына 440 мың рубльді қажет ететін жоба-сметалық құжаты дайындалған.

Жаңа астананың келбетін жаңарту, ретке келтіру үшін бұл уақыт тым аз еді. Себебі қала көшелері құл-коқысқа толы болатын. Оны тазалауға шамамен бір ай уақыт кетіп, кейде тіпті өртеу арқылы тазартуға мәжбүр болған.



Жаңа астананың келбетін жаңарту, ретке келтіру үшін бұл уақыт тым аз еді. Себебі қала көшелері құл-коқысқа толы болатын. Оны тазалауға шамамен бір ай уақыт кетіп, кейде тіпті өртеу арқылы тазартуға мәжбүр болған. Қаланы жазда шаң мен топырақ басып қалатындықтан тез арада су жүйесін жөндейді.

Жаңа астананың келбетін жаңарту, ретке келтіру үшін бұл уақыт тым аз еді. Себебі қала көшелері құл-коқысқа толы болатын. Оны тазалауға шамамен бір ай уақыт кетіп, кейде тіпті өртеу арқылы тазартуға мәжбүр болған. Қаланы жазда шаң мен топырақ басып қалатындықтан тез арада су жүйесін жөндейді.

ҚАЙЫРЫМДЫ ІСТЕР ҚАЙТА БАСТАЛДЫ

Аймақта «Қайырымды істер марафоны» бастау алды. Жалпыұлттық жобаға жергілікті кәсіпкерлер мен ерікті жастар атсалыспақ.



Отбасыға азық-түлік себеттері таратылған.

ТЕКЕБАЕВТАР ОТБАСЫНА БАРДЫ

2021 жылдың 18 ақпанында Әл-Фараби мөлтек ауданы 13 көшесі 11-ші үйідегі Текебаевтар отбасында орт болып, тіксіз жаудан отбасының кенже қызы дүние салған болатын.



Жақында ғана зардап шеккен Текебаевтар отбасына қоғамдық қорлардың демеушілігімен жиналған қаржыға Арай мөлтек ауданынан 6 бөлмелі жер үй табысталған болатын.

Сонымен қатар зардап шеккен көпбалалы отбасы әкімдік пен кәсіпкерлердің қолдауымен 1 айға жететін азық-түлік және мектеп құрал-жабдығымен қамтамасыз етілген.

ТАЛАП КҮШЕЙМЕК

Өткен жылдың желтоқсанында ҚР Жоғарғы Сотының «Сот актілерін орындамағаны үшін жауаптылық туралы» 2003 жылғы 19 желтоқсандағы №12 нормативтік қаулысына өзгеріс енгізілді.



Осы өзгеріске сәйкес, егер борышкер жұмыссыз бола тұра дәлелді себептерсіз бір ай ішінде есепке қою үшін мемлекеттік органға жүгінуден және есепке қойылғанын кейін ұсынылған жұмыстан бірнеше рет бас тартса, қылмыстық жауапкершілік қаралған.

МАҚСАТ – АЛАЯҚТЫҚТЫ БОЛДЫРМАУ

Қызылорда қалалық прокуратурасының бастамасымен алаяқтық қылмыстарды болдырмау, алдын алу бағытында арнайы семинар кеңесі өтті.



Жынында қала көлемінде алаяқтық қылмыстардың орын алып отырғаны деректері және қылмыстық көрсеткіштердің жалпы төмендегенімен алаяқтардың арбауына түсіп жатқан тұлғалардың аз еместігі туралы баяндалған.

«Ақмешіт-ақпарат»

